

ӘӨЖ 378.016

Мектеп оқушылардың білім алудағы жетістікке жетелеудің жолдары

Нагымжанова Каракат Мукашевна¹, Шонова Алия Куанышбековна²

¹педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Тұран-Астана» университеті

²магистрант, «Тұран-Астана» университеті

Андатпа. Мақалада білім беру үдерісінде оқушыны жетістікке жеткізу мәселелері талқыланған. Оқушылардың жетістікке жеткізудің өзектілігі, қазіргі таңдағы жай-күйі мен негізгі әдіс-тәсілдері көрсетілген. Сонымен қатар, мақалада оқушының жетістікке жетуіне қажетті механизмдер көрініс тапқан.

Кілт сөздері: жетістік, жетістік ұстанымдары, жетістікке жетудің жолдары, табыстылық.

Аннотация. В статье рассматривается проблемы обучения учащихся для достижения ими образовательных целей. Показаны педагогические подходы и современные условия для обучения учащихся на современном этапе, особенности для достижения учащимся поставленных целей. Вместе с тем, также отображены механизмы, обучения учащихся для обеспечения их достижений.

Ключевые слова: достижение, принципы достижения, способы достижения успеха, рентабельность.

Abstract. The article discusses the ways of succeeding of a learner in learning process. It also shows a learner's actuality in reaching success, current state and main methods. In addition to this, it reveals necessary mechanisms of a learner's succeeding.

Key Words: attainment, principles to achieve, how to achieve success, profitability.

Психологтар «ұстаным» ұғымын адамның іс- әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Пажарес [1, 1992] оқытудың кешенді міндеттерін және мұғалімнің әр түрлі жағдайларда жұмыс істейтіндігін ескерсек, тиімділік, деген сөздің мағыналық анықтамасы нақты емес, екіұшты болып шығады. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін, оқушының білім алуда табысқа жету жолдарын нақтылау және оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Выготскийдің айтуы бойынша [2, 118 бет]. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден – бір жолы оқушыны білім жолында табысқа жеткізу жолдарын анықтау, білім жүйесін бағалау бойынша сараптау, басты мән беретін жағдай – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін

көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни оқушы қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Выготскийдың айтуы бойынша [2,15 бет]. Әлеуметтік -мәдени теориядағы маңызды ұғым -жақын арадағы даму аймағы. Выготскийдың айтуы бойынша [2, 28 бет], жақын арадағы даму аймағы- оқушының өз бетінше шешкен міндеттердің көмегімен анықталған өзекті даму деңгейі мен үлкендердің басшылығымен және анағұрлым қабілетті жолдастарымен бірігіп шешілген міндеттер арқылы анықталатын болжамды даму деңгейі арасындағы қашықтық. Негізінде, бұл түсінік адам өз бетімен игере немесе көрсете алмайтын, бірақ, біреудің көмегімен үйренуге болатын барлық білімдер мен дағдыларды қамтиды. Выготскийдың пікірі бойынша [2, 28 бет], оқушылар нақты мақсаттарды көздеген, көбірек білетін қайраткер жандармен әлеуметтік қарым- қатынас нәтижесінде ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытады. Оқушының аса епті және хабары мол адаммен интерактивті вербалды алмасуы нәтижесінде біртіндеп сыртқы, әлеуметтік – жанама диалог орнатуы, күнделікті міндеттерді шешуге қатысуы. Әлеуметтік тәжірбие ретінде бала бойына сіңіп, оның өз бетімен ойлануына қатысты ішкі және қоры ретінде қалыптасады. Н.Мерсер, Е.Фишер [3,1993] ЖАДА–ның тапсырманы орындау жауапкершілігін білім алушыға беру қасиетін көпіршелердің басты мақсаты деп қарайды. Көпірше деп саналу үшін оқыту мен оқушыда мынадай жағдайлар керек:

а) оқушыларға өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға мүмкіндік беру;
ә) оқушыны тапсырманы өз бетінше орындауға мүмкіндік беретін құзыреттілікке жеткізуді мақсат ету;

б) көпіршелер тәжірбиесін қолдану нәтижесінде оқушылардың өзіндік құзыреттіліктің жоғары деңгейіне қол жеткізуіне жағдай тудыру. Н.Мерсердің айтуы бойынша [4, 2005] құрдастар тобындағы өзара қарым- қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Оқушылар топта немесе жұпта жұмыс істегенде, олар «мұғалім- оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс- қимылға таратылады, осылайша негізделген дәлелдерді әзірлеуде және қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болды деп айтты. Н.Мерсердің зерттеуіне сәйкес [4, 2005], әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар (1-кесте). Көптеген талқылаулар, әдетте, әр түрлі әңгіме түрлерінен құралады. Н.Мерсердің айтуы бойынша, ұжымдық түсіну мен білім беруге қол жеткізу аясындағы табысты талқылауларда әңгімелесудің зерттеушілік түрі басымдылыққа ие болады. Р.Александр [5, 2008], диалог түрінде оқыту оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Диалог түрінде оқыту М.М.Бахтиннің [6, 1981], Н.Мерсердің [4, 2005], Г.Уеллстің [7, 1999] және Д.Уордтың [8, 1998] жұмыстарында бейнеленген. Р.Александрдың [5, 2008] пайымдауынша, диалог арқылы оқушылардың дамып

келе жатқан идеяларымен жұмыс жасауларына және түсінбеушілікті жеңе білулеріне көмектесе алады деп айтты. Сабак барысындағы әлеуметтік өзара іс-әрекеттер оқуда маңызды рөл атқарады. «Мұғалім -оқушы» және «оқушы-оқушы» жағдайындағы қарым-қатынас түсінікті дамыту мен мағынаны ашудың елеулі бөлігін құрайды.

Кесте 1: Оқуда қолданылатын әңгімелесу түрлері

<p>Әңгіме- дебат барысында:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады; ✓ ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады; ✓ қарым-қатынас көбіне «Ия, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады; ✓ орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған. 	<p>Топтық әңгіме барысында байқалатын жағдайлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе беруі; ✓ әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы; ✓ идея қайталанатын және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді
<p>Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады; ✓ әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі; ✓ қатысушылар бір –біріне сұрақ қояды; ✓ қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»; ✓ топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу). 	

Соңғы зерттеулер оқу қай жерде өтетініне қарамастан, жалпы белгілері болатынын дәлелдеді, атап айтқанда:

➤ Адамдар ассоциациялар арқылы, мнемоника, жаттығулар, имитация, нұсқаулық беруді пайымдалана отырып, білім алады, бұл түсінік пен дағдылардың кезең – кезеңімен қалыптасуына ықпал етеді. Ассоциативті оқыту нақты мәліметті жаңғырту немесе есте сақтауға жол ашады.

➤ Адамдар диалог әдісін қолдана отырып, мәселен, талқылау, дебат, ынтымақтастық білімді бірлесіп құру арқылы түсінік пен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әлеуметтік –сындарлы оқыту да дағдылардың ықпалдасуына және тереңірек түсінуге әкеледі.

Оқушылардың белсенділігін арттыру, осындай әдістер мен тәсілдерді үнемі, әрі тиімді пайдалану нәтижесінде мынадай табыс формуласын көруге болады. Олар:

- оқу процесінің әр кезеңінде әр оқушының дайындық деңгейін анықтау;
- оқушының жеке даму траекториясын түзету, алға ілгерілеушілігін бақылау және анықтау;
- оқытудағы табысқа қол жеткізу үшін оқушылардың біліктілік дағдыларын дамытуға ынталандыру;
- түрлі жұмыстарды орындағаны үшін бағалардың дифференциациялануының маңыздылығы;

– оқу процесін ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен оқу материалының сапалы меңгерілуін анықтау үшін мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Диагностикалық, зерттеу және мәміле кезеңінде оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үрдістің маңызы, төмендегі артықшылықтармен белгіленеді:

- жеке тұлға емес, оқушының жұмысы көрініс табады;
- оқушы жұмысы алдын-ала белгілі критерийлер бойынша бағаланады;
- кезеңдер нақты оқыту мақсаттарын айқындайды, сондықтан оқушыларға оқып-зерделенген материал бойынша ғана баға қойылады;

– өзінің оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата-аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін алдын ала диагностика жүргізу алгоритімі белгіленеді;

– оқушының оқуға деген және өзін-өзі дамытуға деген ынтасы артады.

Барлық әдістер мыналарға назар аударады:

- Оқушының белсенділігі;
- Күтілетін қажетті нәтижелерге сай сындарлы қызмет бағыттарын жүзеге асыру;
- Кері байланыстың маңыздылығы;
- Шоғырлану (тәжірбие) және ықпалдасу мүмкіндігі.

Пайдаланған әдебиеттер

- [1] Пажарес (1, 1992). [Мұғалімдердің пікірлері және білім беру зерттеулері: Ретсіз тұжырымдаманы тәртіпке келтіру].
- [2] Vygotsky (2, 118 бет). [Оқытудағы диалогтік зерттеулер: Выготский мұрасына сүйеніп]. Cambridge University Press.
- [3] Mercer, N. & Fisher, E., [3, 1993]. How do teachers help children to Learn? An analysis of teachers' interventions in computer-based activities. Learning and Instruction.
- [4] Mercer, N. [4, 2005]. Sociocultural discourse analysis: analysing classroom talk as a social mode of thinking. Journal of Applied Linguistics, 1, 2 137-168.
- [5] Alexander R.J., [2008]. Towards Dialogic Teaching: rethinking classroom talk.
- [6] Bakhtin, M.M., [6, 1981]. The Dialogic Imagination: Four Essays. [Диалогтік қиял: төрт эссе].
- [7] Wells, G., [7, 1999]. Dialogic Inquiries in education Building on the legacy of Vygotsky. Cambridge University Press.
- [8] Wood, D., [8, 1998]. How Children Think and Learn. 2 nd edition. Oxford Blackwell Publishers Ltd.